

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша PhD докторанты
Ризаева Луиза Абдуллаевнаның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған, мәліметтер ағыны күшейген заманда жан-жақты дамыған шығармашыл-зерттеуші жеке тұлғаны қалыптастыру – бастауыш мектептің басты міндеті. Ертеңгі ел тағдырына алаңдайтын, бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін ізденуге, зерттеуге, логикалық ойлай білуді меңгеру де маңызды қадамдардың бірі.

ҚР Мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттары, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Жарлығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», математикадан 1-4 сынып оқу бағдарламасы білім берудің негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындап, білімді шығармашылықпен қолдана алу, сын тұрғысынан ойлау және бастысы, оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының 1-бап, 11-тармағында: «ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс», - деп атап көрсетілген. Мұндағы көрсетілген бап бастауыш білім беру үдерісінде білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін жүзеге асыруға бағыттайды.

Бастауыш сынып оқушыларын 1-сыныптан бастап, зерттеуге, ізденімпаздыққа, айналасын, қоршаған ортаны бақылап-бағалауға үйрету – заман талабы. Қазіргі таңда қолданыста жүрген бастауыш сынып «Математика» оқулықтарында оқушылардың зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға, түрлі әрекеттердің нәтижесінде автоматтандырылған білікке, яғни дағдыға, оның ішінде зерттеу дағдысына баулуға арналған жаттығулар баршылық. Зерттеу нәтижесінде докторант осы мәселенің әлі де толық зерттелмегенін, бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесін бақылау, олармен жүргізілген сауалнама нәтижесінде түрлі нормативтік құжаттар мен оқу құралдарында қарастырылғанымен, бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің өз деңгейінде жүргізілмей келе

жатқандығын атап көрсетеді. Бұған қоса, кейбір бастауыш сынып мұғалімдері оқулықтарда берілген жаттығулардың барлығын да «есеп» деп атайтыны, соның нәтижесінде жаттығудың ерекше түрі ретіндегі есептің мәнін түсіну, есеп шығаруға үйрету әдістемесін толық игермегендері, тіпті есеп шығаруда неге ерекше мән беру керектігіне көңіл бөлінбейтінін де докторант баса назар аударған.

Сондықтан, қазіргі уақытта ғылымда бастауыш сынып оқушыларының есеп шығаруға үйрету барысында зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің қоғам сұранысынан туындап отырған талап болғандықтан, Л.А.Ризаеваның **«Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру»** тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Диссертант Л.А.Ризаева диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- *бірінші нәтиже жаңа*, зерттеу жұмысының негізгі ұғымдарының мәнін философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан нақтылануы және сипатталуы, әдіснамалық (жүйелілік тұғыр, жеке тұлғаға бағдарланған тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, орта тұғыры) тұғырларының түзілуі бойынша бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған;

- *екінші нәтиже жаңа*, «зерттеу дағдысы» мен «бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» ұғымдарының анықталған мәні мен оның нақтыланған құрылымы математиканы оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы ретінде анықталған;

- *үшінші нәтиже жаңа*, бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі динамикалық байданыстағы мотивациялық, мазмұндық және рефлексиялық компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (жоғары, орташа, төмен) сәйкес дайындалған;

- *төртінші нәтиже жаңа*, бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: «Бастауыш сыныпта зерттеу дағдыларын математика пәнінде қалыптастыру» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы; «Жас зерттеушілер зертханасы» атты факультативтік курс бағдарламасы; «Математика пәнінде зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған есептер мен тапсырмалар жинағы» дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми болжамның дұрыстығы дәлелденеді және ғылыми-әдістемелік негіздегі ұсыныстар берілген.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

Зерттеудің теориялық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының

есептер шығару арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтап, зерттеу жұмысының маңызды ұғымдары, атап айтсақ, «зерттеу дағдысы» ұғымы мен «бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің нақтылануында және бастауыш сынып оқушыларының есептер шығару арқылы зерттеу дағдысын қылаптыстырудың әдістемелік жүйесінің түзілуінде.

Зерттеудің практикалық маңыздылығын бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта зерттеу дағдыларын математика пәнінде қалыптастыру» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы; «Жас зерттеушілер зертханасы» атты факультативтік курс бағдарламасы; «Математика пәнінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған есептер мен тапсырмалар жинағы» құрайды.

Дайындалған әдістемелік жүйені жоғары оқу орындары мен колледждерде болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлаудағы әдістемелік пәндерді оқыту барысында, педагогтердің біліктілікті арттыру институттарында, жалпы білім беретін орта мектептердің бастауыш деңгейінде математиканы оқытып-үйрету және қосымша білім беруде оқу үдерісінде қолдануға болады.

4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде айтарлықтай кемшілік кездеспеді. Өйткені, зерттеліп отырған мәселенің күрделілігін, соның нәтижесінде зерттеу дағдысын қалыптастырудың барлық салалары мен аспектілерін бір жұмыстың нәтижесінде қамтудың мүмкін еместігін атап кетуге болады. Сондықтан зерттеу жұмысын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеуге болады.

5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі

Диссертациялық жұмыс зерттеудің ғылыми теориялық-әдіснамалық негіздерімен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен, әдістемені, арнайы курсты және арнайы жаттығулар жинағын тәжірибеге енгізумен қамтамасыз етілген.

Ризаева Луиза Абдуллаевнаның «8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «*Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру*» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп есептеймін.

6. (PhD) философия докторы дәрежесін тағайындау мүмкіндігі туралы қорытынды

Л.А.Ризаеваның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығын, диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, еңбекті мамандық бойынша құрылған Диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Ала-Тоо Халықаралық университетінің
Әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры
Бішкек (Қырғыз Республикасы)**



Калдыбаев С.К.

Шыстайтмын.

Башкирская Академия наук и высшей школы

